

ӘЛЕМДІК
ЭКОНОМИКАДАҒЫ
ИНВЕСТИЦИЯЛАР
МЕН
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
ӘРІПТЕСТІК.

Орындаған: Ханафина Дидар МЭ-31

ЖОСПАР

- 1. Инвестиция түсінігі және олардың экономикадағы ролі.
- 2. Инвестициялық әріптестік және оның нысандары.
- 3. Инвестиция көздері.
- 4. Капитал импорты мен инвестицияның артықшылықтары мен кемшіліктері

1.ИНВЕСТИЦИЯ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЭКОНОМИКАДАҒЫ РОЛІ.

- «Инвестиция» термині to invest ағылшын етістігінен шығады және «салу» дегенді білдіреді. Инвестициялар - бұл капиталды оның кейін өсуі мақсатында салу. Инвестициялау нәтижесінде алынған капиталдың өсімі инвесторға ағымдағы кезеңде бар қаражаттардың тұтынуынан бас тартуын өтеу үшін, оған тәуекел үшін сыйақы беру және болашақ кезеңде инфляция салдарынан шығындарды толтыру үшін жеткілікті болу керек.

- Инвестициялар - бұл табысты алу немесе өзге пайдалы эффектісіне жету мақсатында кәсіпкерлік қызметтің объектілеріне салынатын мүліктік және интеллектуалдық құндылықтар.
- Нарықтық экономикада «инвестициялар» түсінігі оған жалғыз және түбегейлі анықтама беру үшін тым кең болып табылады. Экономикалық теорияның негізгі бөлімдерінде және практикалық қызметтің түрлі облыстарында оның мазмұны өзінің ерекшеліктеріне ие болады.

- Макроэкономикада инвестициялар өндірістің жаңа құралдарына (өндірістік, немесе тұрақты инвестициялар), жаңа тұрғын үйлерге инвестицияларына, және тауарлы қорлардың өсіміне шығындардан тұратын жиынтық шығындардың бөлігі болып табылады. Яғни, макроэкономикалық аспект инвестициялар - бұл ағымдағы кезеңде пайдаланылмаған, және экономикада капиталдың өсімін қамтамасыз ететін жалпы ішкі өнімнің бөлігі болуымен анықталады.

- Өндіріс теориясында, және макроэкономикада толығымен, инвестициялар жаңа капиталды құрудың процесі болып табылады (өндіріс құралдарын, сонымен бірге адам капиталын қоса отырып).
- Сонымен, қаржылық теорияда инвестицияны нақты немесе қаржылық активтерді алу деп түсініледі, яғни бұл, мақсаты болашақ пайдаларды алу болып табылатын бүгінгі шығындар. Аса нақтырақ айтсақ, инвестициялар - бұл белгілі бір бүгінгі құнның, мүмкін анықталмаған, болашақ құнға айрбасталуы.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯ РЕТІНДЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР КЕЛЕСІЛЕРДІ СИПАТТАЙДЫ:

- алғашқы авансталған құнның (табыс түрінде) өсімі мақсатында кәсіпкерлік қызметтің объектілеріне салымдар;
- инвестициялық жобаларды жүзеге асыру процесінде инвестициялық қызметтің қатысушылары арасында (құрылысшылар, мердігерлер, банктер, мемлекет және т.б.) пайда болатын ақшалай (қаржылық) қатынастар;
- инвестициялық қызметтің процесінде пайда болатын ақшалай ағымдарын (ақша қаражаттарының келуін және кетуін) бақылау.

2. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІКТІҢ НЫСАНДАРЫ:

- тікелей шетел инвестициялары, қоржындық шетел инвестициялары және т.б. халықаралық инвестициялар.
- Тікелей шетел инвестициялардың құрамына кіреді: компаниялардың шетелге меншікті капиталдық салымдары, табысты қайта инвестициялау, несие нысанындағы ішкі корпоративтік капиталдың аударымдары және тікелей инвесторлар арасындағы қарыздар бір жағынан, еншілес ассоцияланған компаниялар мен филиалдар - екінші жағынан.

ҚОРЖЫНДЫҚ ШЕТЕЛ ИНВЕСТИЦИЯЛАР
АКЦИОНЕРЛІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЖӘНЕ
ҚАРЫЗДЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР БОЛЫП
БӨЛІНЕДІ. ҚАРЫЗДЫҚ БАҒАЛЫ
ҚАҒАЗДАР КЕЛЕСІ НЫСАНДА БОЛАДЫ:

- облигациялар, жай вексельдер,
қарыздық қолхаттар;
- ақшалы нарықтың құралдары
(қазыналық вексельдер, депозиттік
сертификаттар, банктік акцептер);
- қаржылыменқ деривативалар.

3.ИНВЕСТИЦИЯ КӨЗДЕРІ



